

Оралмандардың тұрғын үйлерді жекешелендіруі туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 679 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 05 мамырдағы N 174 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2010 жылғы 11 ақпандығы N 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2010.02.11 N 6 шешімімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94-1 Заңының 12, 68-баптарына және 98 бабының 1 тармағына сәйкес оралмандар халықтың әлеуметтік қоргалуга тиісті тобына жатқызылған.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 қаңтардағы N 66 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ереженің 6 тармағына негізделген Қазақстан Республикасы көші-қон және демография жөніндегі .

Агенттіктің өтінішін (1999 жылғы 1 сәуірдегі N 2 -2/146 хаты) ескере отырып, оралмандар отбасын жайластыруға және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға мүдделілігін арттыруға көмек көрсету үшін ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН:

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы бар оралмандарға өздері тұрған мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлері мен мемлекеттік емес тұрғын үй қорларының үйлерін меншік иелерінің келісімдерімен жеке меншіктеріне тегін алуына рұқсат етілсін.

2. Қала мен аудан Әкімдері аталған тұрғын үй қорларын Қазақстан Республикасының Зандарында белгіленген тәртіппен жекешелендірсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау құрылыш, сәулет және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына (Никитин Н.Л.) жүктелсін.

Ш ы ғ ы с

К а з а қ с т а н

облысының Әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК